

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2015 жылғы 27 сәуірдегі
№ 272 бұйрығына
19-қосымша

**«Қазақстан Республикасының азаматтарын бюджет қаражаты есебінен
шетелге емделуге жіберу мүмкіндігіне құжаттарды қабылдау және қарау»
мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

Ескерту. Бұйрық 19-қосымшамен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 24.05.2019 № ҚР ДСМ-86 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Қазақстан Республикасының азаматтарын бюджет қаражаты есебінен шетелге емделуге жіберу мүмкіндігіне құжаттарды қабылдау және қарау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқару органдары (ЖАО) көрсетеді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін беру денсаулық сақтау субъектілері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге мәліметтерді берген сәттен бастап – 2 (екі) жұмыс күні ішінде;

көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге мәліметтерді тапсырудың ең жоғары рұқсат етілген уақыты – 30 минут;

қызмет көрсетудің ең жоғары рұқсат етілген уақыты – 2 (екі) жұмыс күн ішінде.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: осы мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандартына 1-қосымшаға сәйкес пациентті бюджет қаражаты есебінен шетелге емделуге жіберу үшін республикалық денсаулық сақтау ұйымының қорытындысы (бұдан әрі - қорытынды).

Қорытынды «Қазақстан Республикасының азаматтарын бюджет қаражаты есебінен шетелге емделуге жіберу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 544 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11795 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтарын бюджет қаражаты есебінен шетелге емделуге жіберу қағидаларына (бұдан әрі - Қағидалар) сәйкес жүзеге асырылады.

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі - 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ге дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

9. Көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар:

- 1) еркін нысандағы өтініш;
- 2) жеке басын сәйкестендіру үшін жеке басын куәландыратын құжат;
- 3) пациенттің сырқатнамасынан үзінді көшірме (жарамдылық мерзімі кемінде 30 (отыз) жұмыс күні.)»;

10. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін:

1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушының ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) нақты еместігін белгілеуі;

2) көрсетілетін қызметті алушының осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағымен көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес

топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда негізі болып табылады.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай не 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8-үй, Министрліктер үйі, № 5 кіреберіс мекенжайы бойынша көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрлік басшысының атына шағым беру арқылы шағымданады.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны (мөртаңба, кіріс нөмірі мен күні) көрсетіле отырып, шағымның тіркелуі, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңесінде оның қабылданғанын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Көрсетілетін қызметті берушіге шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап почта арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілген қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымымен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілген қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілген қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

4-тарау. Мемлекеттік, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары
Министрліктің dsm.gov.kz интернет-ресурсында «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған.

14. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтің байланыс телефондары Министрліктің dsm.gov.kz интернет-ресурсында көрсетілген, Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

«Қазақстан Республикасының
азаматтарын бюджет қаражаты
есебінен шетелге емделуге жіберу
мүмкіндігіне құжаттарды
қабылдау және қарау»
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
1-қосымша

Нысан

**Бюджет қаражаты есебінен пациентті шетелде емделуге
жіберу туралы республикалық денсаулық сақтау
ұйымының қорытындысы**

1. ТАӘ (ол болған жағдайда)/ ФИО (при его наличии)

2. ЖСН / ИНН

3. Туған күні/дата рождения:

4. Мекенжайы/Адрес (место жительства):

5. Толық клиникалық диагнозы/ полный клинический диагноз:

6. Қосалқы диагнозы/сопутствующий диагноз:

7. Ұсынылған емдеу (нақты манипуляцияны көрсетіңіз)/ Рекомендуемое лечение (указать конкретно манипуляцию):

8. Шетелге емделуге науқасты жіберу қажеттілігі туралы шешім: қажет/ қажет емес; Решение о необходимости направления пациента на лечение за рубеж нуждается/не нуждается:

9. Бұл технология Қазақстан Республикасының кез келген медициналық ұйымында жүзеге асырылмайтынын растау /Подтверждение, что данная технология не выполняется ни в одной медицинской организации Республики Казахстан

10. Емдеудің күтілетін әсері /Ожидаемый эффект лечения;

11. Ағзалар мен тіндерді транспланттау үшін жіберілген жағдайда донорлардың бар-жоқтығы туралы ақпарат/ В случае направления на трансплантацию органов и тканей прилагаются сведения о наличии/отсутствии доноров:

1. Үлгілеу деректері (қоса беріледі) - иә/жоқ; данные типирования (прилагаются) – да/нет:

2. Туыстық донорлардың жоқтығын растайтын деректер (қоса беріледі) - иә /жоқ; данные, подтверждающие отсутствие родственных доноров (прилагаются) да/нет

3. Донорлардың елде жоқтығын растайтын деректер (қоса беріледі) - иә /жоқ; данные, подтверждающие отсутствие доноров в стране (прилагаются) да /нет:

4. Халықаралық тізілімде алдын ала іздеу деректері (қоса беріледі) - иә / жоқ; Данные предварительного поиска в международных регистрах (прилагаются) да/нет:

12. Қорытынды жасалған күні/дата заполнения заключения;
